

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
заңды  
түпте мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді  
№ 5590-1910-01-10 куәлік  
Алғашқы тіркелген күні ж. «11» 04  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫҚСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА «11» 04 2004  
свидетельство № 5590-1910-01-10  
Дата первичной регистрации «11» 04 2004 г.  
БСН/БИН 040410008130

«РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ

Акционерлердің жалпы жиналысымен  
БЕКІТІЛГЕН

2014 жылдың 31 қаңтардағы хаттама

2014 жылдың 30 сәуірінен

қолданысқа енгізілді

# «РЕСПУБЛИКА» Басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Осы «РЕСПУБЛИКА» Басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамының (әрі қарай - Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібін және олардың құзыретін, оның қызметінің қайта ұйымдастырылу және тоқтатылу талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де ережелерін белгілейді.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленіп, Қоғамның құрылтайшылық құжаттарын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітелген.

## **1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

### **1.1. Қоғамның атауы:**

- 1) Мемлекеттік тілде **толық атауы**: «РЕСПУБЛИКА» Басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 2) Орыс тілінде **толық атауы**: Акционерное общество «Управляющая компания «РЕСПУБЛИКА»;
- 3) Ағылшын тілінде **толық атауы**: Joint Stock Company «RESPUBLICA» ASSET MANAGEMENT»;
- 4) Мемлекеттік тілде **қысқартылған атауы**: «РЕСПУБЛИКА» БК» АҚ;
- 5) Орыс тілінде **қысқартылған атауы**: АО «УК «РЕСПУБЛИКА»;
- 6) Ағылшын тілінде **қысқартылған атауы**: JSC «RESPUBLICA» ASSET MANAGEMENT».

1.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Бостындық ауданы, М. Өзтүрік көшесі, 7 үй.

## **2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

- 2.1. Қоғам өз қызметінде Конституцияны, Азаматтық кодексті, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (әрі қарай - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 2.2. Қоғам меншігінде оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болып, міндеттерді атқара алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады.
- 2.3. Қоғамның өз атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мөрі, өз атауы бар штамптары және бланкілері болады.
- 2.4. Қоғам түпнұсқалары заңнамаларда белгіленген тәртіппен бекітілген және тіркелген өз тауар таңбаларын және рәміздерін иелене алады.
- 2.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте Қоғам тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын,

Қоғамның атынан және оның тапсыруы бойынша өздері туралы Ереже негізінде әрекет ететін филиалдарды (өкілдіктерді) құруға құқылы.

2.6. Қоғам шектеусіз қызмет мерзіміне құрылған.

### **3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ НЫСАНАСЫ**

3.1. Қоғам қызметінің мақсаты акционерлерінің мүддесін көздеп, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі өз қызметі үрдісінде табысы келтіру болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің нысанасы болып келесілер табылады:

- 1) инвестициялық портфельді басқару.
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

3.3. Уәкілетті органдардан лицензия алуды қажет ететін Қоғам қызметі, сондай лицензияны алғаннан кейін жүзеге асырылады.

### **4. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛІГІ**

4.1. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

4.2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4.3. Қоғамның мүлкі:

- 1) акционерлердің Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкінің;
- 2) оның қызметінің нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен қалыптастырылады.

### **5. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ**

5.1. Қоғам жай акцияларды не жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

5.2. Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығы мен қатысу құқығын, Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде Қоғамда таза кіріс болған жайдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

5.4. Қоғамның артықшылықты акциясы оның иесіне:

- 1) акционерлер, жай акцияларды ұстаушылар алдында, артықшылықты акцияларды шығарғанда белгіленген кепілді мөлшерінде дивидендтер алуға басым құқыққа.
- 2) Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне құқық береді.

5.5. Артықшылықты акция акционерге мынадай:

- 1) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарайтын жағдайда. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеуді жақтап орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп саналады;
- 2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату мәселесін қарағанда;
- 3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемде төленбеген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

## **6. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

6.1. Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденттері емес - заңды және жеке тұлғалар Қоғамның акционерлері бола алады.

6.2. Қоғам акционерлерінің:

- 1) Заңмен және/немесе осы Жарғымен көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның осы Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның акцияларға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңның 63 және 74 – баптарында көзделген жайдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға

сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

- 9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
  - 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.
- 6.3. (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген) Қоғамның ірі акционердің:
- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға талап етуге немесе Директорлар Кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жайдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
  - 2) Директорлар Кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
  - 3) Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.
- 6.4. Артықшылықты акциялардың иелері – акционерлердің жай акциялардың иелері – акционерлердің алдында Қоғам Жарғысында белгіленген алдын ала айқындалған кепілді мөлшерде дивидендтер алуға және Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне артықшылықты құқығы бар.
- Акционерлердің құқықтары мен міндеттерінің тізбесі Заңда белгіленеді.
- 6.5. Акционерлердің осы Жарғының 6.2, 6.3, 6.4 тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
- 6.6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Қоғам акционерлерінің басқа да құқықтары болуы мүмкін.
- 6.7. Қоғам акционері:
- 1) акцияларды төлеуге;
  - 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркешісіне және номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
  - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
  - 4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.
- 6.8. Акционердің осы Жарғының 6.7. тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

## **7. ҚОҒАМНЫҢ ТАЗА КІРІСІН БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР**

- 7.1. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның басқаруында қалады және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.
- 7.2. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 7.3. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін талап етпейді.
- 7.4. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім шығарса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 7.5. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:
  - 1) меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
  - 2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

## **8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

- 8.1. Қоғамның органдары:
  - 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
  - 2) басқару органы – Директорлар Кеңесі;
  - 3) алқалы атқарушы орган - Басқарма;
  - 4) бақылау органы - Ішкі аудит қызметі.
- 8.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам басқа да органдарды құруға құқылы.

## **9. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

- 9.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:
  - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
  - 2) осы кодексті қабылдау осы Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
- 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп осы Қоғам Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 21) шешім қабылдау Заңда және Қоғамның осы Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.2. Осы Жарғының 9.1. тармағының 1)-4) және 17) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылатын, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелері бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Шешім Қоғам мен акционерлердің мүддесін көп дәрежеде қамытпаса, егер ол акционерлермен дәлелденсе, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылатын мәселелер Қоғамның басқа органдарына және лауазымды тұлғаларына шешім қабылдау үшін беруге болмайды.

## **10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

10.1. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Қоғамның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Қоғамның акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

10.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс.

Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

10.5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

10.6. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

1) Басқарма;

2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

10.7. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

10.8. Қоғамның органдары Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.9. Егер Қоғам органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.10. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

10.11. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы Басқарма орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

10.12. Акционерлерге («алтын акцияның» иесіне) алда Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен - күнтізбелік отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс.

Қоғам акционерлерінің, уәкілетті органның талабы бойынша пруденциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында күн тәртібіне Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы мәселе енгізілген Жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, акционерлерге («алтын акцияның» иесіне) алда Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен - он жұмыс күнінен бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында он бес жұмыс күнінен бұрын

хабарлануы тиіс.

- 10.13. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның мазмұны Заңның талабына сәйкес болу қажет және Қоғамның веб-сайтында жариялануға не Қоғам акционерлеріне жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.
  - 10.14. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды және болмай қалған Жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге тиіс. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.
  - 10.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей немесе осы Жарғының 10.19 тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.
- 10.16. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді жақтап дауыс берсе, олар енгізілуі мүмкін.
  - 10.17. Егер шешімге енгізуге орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, күн тәртібі артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын мәселемен толықтырылуы мүмкін.
  - 10.18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.
  - 10.19. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.
  - 10.20. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

- 10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс, акционерлер танысуы үшін Қоғамның Басқармасы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс, құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.
- 10.22. Әр акционер өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхаты бар өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы. Қоғамның Басқарма мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.
- 10.23. Акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы, егер:
- 1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
  - 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 10.24. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.
- Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.
- 10.25. Ірі акционердің бастамасы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу Заңның 38 бабына сәйкес жүзеге асырылады.
- 10.26. Қоғамда есеп комиссиясының функциясын корпоративтік хатшы жүзеге асырады.
- 10.27. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.
- Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
- 10.28. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады, Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

10.29. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

## **11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫ**

- 11.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.
- 11.2. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына қатаң сәйкес болу керек. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті түрде қол қойылу керек.
- 11.3. Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.
- 11.4. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

## **12. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

- 12.1. Мынадай мәселелер Қоғамның Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:
  - 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
  - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру

- (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
  - 6) Директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
  - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
  - 8) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
  - 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
  - 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
  - 12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
  - 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
  - 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
  - 16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- 17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
  - 18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
  - 19) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
  - 20) Заңда көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 12.2. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғам Басқармасының шешуіне беруге болмайды. Осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
- 12.3. Директорлар Кеңесінің сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысымен айқындалады. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар Кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы Тәуелсіз Директорлар болуға тиіс.
- Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте, бұрында сайланған Директорлар Кеңесінің мүшелері өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысымен Директорлар Кеңесінің мүшелері қайта сайланады.
- 12.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
- 12.5. Директорлар Кеңесінің мүшелері:
- 1) акционерлер - жеке адамдар;
  - 2) Директорлар Кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
  - 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар Кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.
- 12.6. Басқарманың басшысынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Басқарманың басшысы Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
- 12.7. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.
- 12.8. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар Кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

- 12.9. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, Директорлар Кеңесінің отырысын шақырады және оларда төрағалық етеді, Директорлар Кеңесінің хаттамаларының жүргізілуін ұйымдастырады.
- 12.10. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесінің мүшелерінің көпшілік даусымен сайланған Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 12.11. Директорлар Кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша, не:
- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
  - 2) Ішкі аудит қызметінің;
  - 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
  - 4) ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
- 12.12. Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар Кеңесі айқындайды және Қоғамның сәйкес ішкі нормативті құжатында реттеледі.
- 12.13. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.
- 12.14. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар Кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс болып табылады.
- 12.15. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Оның құзіретіне жатқызылатын кез келген мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің шешімдері, Директорлар Кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болып табылады.
- 12.16. Көзбе-көз қатысу отырысын өткізбей-ақ, Директорлар Кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру (соның ішінде телефон байланысы арқылы (конференц-колл) арқылы қабылдана алады.

Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша сырттай дауыс беруді (соның ішінде телефон байланысы арқылы (конференц-колл) өткізген кезде, Директорлар Кеңесі мүшелеріне бірыңғай нысандағы бюллетеньдер жіберіледі. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес болу керек.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Сырттау дауыс беру бюллетенінде Директорлар Кеңесі мүшесінің қолы қойылу керек. Директорлар Кеңесі мүшесі қол қоймаған бюллетень жарамсыз деп саналады. Дауыстарды есептеу кезінде Директорлар Кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

- 12.17. Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі (соның ішінде телефон байланысы арқылы өткізілген (конференц-колл) жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар Кеңесінің хатшысы мен Төрағасының қолы қойылуға тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар

Кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

